

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасындағы Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде қаза тапқан әскери қызметшілер жерленген жерлердің мәртебесіне қатысты келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 14 мамырдағы № 374 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2024 жылғы 18 қаңтарда Римде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасындағы Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде қаза тапқан әскери қызметшілер жерленген жерлердің мәртебесіне қатысты келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Ескерту. Нормативтік құқықтық
актіге қоса тіркелген
халықаралық Келісімнің мәтіні
ресми болып табылмайды.
ҚР халықаралық Келісімінің
жасасқан тілдердегі ресми
куәландырылған көшірмесін ҚР
халықаралық Келісімдерін
тіркеуге, есептеуге және сақтауға
жауапты ҚР Сыртқы істер
министрлігінен алуға болады
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 14 мамырдағы
№ 374 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасындағы Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде қаза тапқан әскери қызметшілер жерленген жерлердің мәртебесіне қатысты келісім

Бұдан әрі жеке-жеке Тарап, бірлесіп Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі

екіжақты қатынасты одан әрі дамыту және өзара түсіністікті нығайту арқылы ынтымақтастықты дамыту және нығайту ниетін басшылыққа ала отырып,

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде қаза тапқан әскери қызметшілердің мәңгі жай табу құқығын қамтамасыз ету қажеттігін негізге ала отырып,

халықаралық гуманитарлық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына, атап айтқанда, 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенцияларының және 1977 жылғы 8 маусымдағы оларға қосымша хаттамалардың ережелеріне сәйкес төмендегілер туралы келісті:

1-бап Мақсаты

Осы Келісімнің мақсаты Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде Тараптар мемлекеттерінің аумағында қаза тапқан қазақстандық және италиялық әскери қызметшілер жерленген жерлердің мәртебесіне қатысты ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін құқықтық негіз құру болып табылады.

2-бап Уәкілетті органдар

1. Осы Келісімді іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар:

Қазақстан Тарапынан – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Тарапы дипломатиялық арналар арқылы хабардар ету тәртібі мен айқындайтын жергілікті атқарушы органдар;

Италия Тарапынан – Италия Республикасының Қорғаныс министрлігі болып табылады.

2. Уәкілетті органдардың атауы немесе функциялары өзгерген жағдайда Тараптар бұл туралы бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді.

3-бап Ынтымақтастық нысандары

1. Уәкілетті органдар:

а) бір-біріне жерленген жерлердің бар екені, орналасқан орны және жай-күйі туралы мәліметтерді ұсынады;

б) қаза тапқан, Тараптар мемлекеттерінің аумағында жерленген қазақстандық және италиялық әскери қызметшілер туралы деректер алмасады.

2. Тараптар жерленген жерлерді жайластыруды қамтамасыз етеді, ол жерлеу орындарының шекарасын белгілеуді және ескерткіш белгілерін, құлпытастарды, ескерткіштерді немесе өзге де мемориалдық құрылысжайларды орнатуды, сондай-ақ өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес және Тараптар мемлекеттері халқының ұлттық және діни дәстүрлерін ескеріп, қажетті жөндеу жұмыстарын жүргізуді қамтиды.

3. Тараптар белгілі болған және табылуы мүмкін жерленген жерлердің тиісті тәртіппен және тануға болатын күйде сақталуын қамтамасыз етеді.

4. Әрбір Тарап өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес екінші Тарап мемлекетінің азаматтарына өз мемлекетінің аумағында орналасқан жерленген жерлерге қолжетімділік ұсынады.

4-бап Эксгумациялау

1. Қаза тапқан әскери қызметшілердің мәйіттерін эксгумациялау және оларды Тараптардың бірінің мемлекетінде қайта жерлеу мақсатында жеткізу мүдделі Тараптың жазбаша өтінішхаты бойынша, сондай-ақ аумағында мүрделер жатқан Тарап мемлекетінің келісіммен және оның ұлттық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қаза тапқан әскери қызметшілердің мүрделерін беру туралы осы баптың 1-тармағында көзделген уағдаластық болған кезде Тараптар соғыс құрбандарының мүрделерін эксгумациялауға, жеткізуге, қайта жерлеуге және (немесе) беруге байланысты рәсімді өздерінің уәкілетті органдары арқылы келіседі. Эксгумациялау және қайта жерлеу кезінде Тараптар мемлекетінің өкілдері қатыса алады.

3. Қаза тапқан әскери қызметшілердің мүрделері қайта жерленген әр жағдайда бұрынғы және жаңадан жерленген орны туралы деректер мен қаза тапқан әскери қызметшілердің жеке деректерін қамтитын құжат жасалады.

5-бап Жеке деректер

Әр Тарап осы Келісімде көзделген қызметті жүзеге асыру мақсатында екінші Тараптан алынған жеке деректерді қорғауды қамтамасыз етеді, оларды осындай ақпарат алынған Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермейді және осы Келісімнің мақсаттарынан тыс қандайда бір түрде пайдаланбайды.

6-бап Шығыстар

1. Әрбір Тарап өз мемлекетінің аумағындағы қаза тапқан әскери қызметшілер жерленген жерлерді күтіп-ұстау жөніндегі шығыстарды өздері көтереді. Осы Келісімді іске асыруға байланысты барлық шығыс Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында және нормативтік құқықтық актілерінде көзделген қаражат шегінде өтеледі.

2. Әрбір Тарап жаңа әскери зират жасауды қоса алғанда, екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы әскери қызметшілер жерленген жерлерді жайластыру мен күтіп-ұстау үшін құрылыс және реконструкциялау жұмыстарын өзара келісім негізінде өз есебінен жүзеге асыра алады.

3. Қаза тапқан әскери қызметшілердің мүрделерін эксгумациялау, жеткізу және қайта жерлеу, сондай-ақ жерленген жерлерді жайластыру бойынша шығыстарды сұратушы Тарап өз мойнына алады.

7-бап Қолданылатын құқық

Осы Келісім Қазақстан Республикасы мен Италия Республикасының заңнамасына, сондай-ақ қолданылатын халықаралық құқыққа, ал Италия Тарапы үшін Италия

Республикасының Еуропалық Одаққа мүшелігінен туындайтын міндеттемелеріне сәйкес іске асырылады.

8-бап Дауларды шешу

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезіндегі кез келген дау Тараптар арасындағы тікелей консультациялар мен келіссөздер арқылы бейбіт жолмен шешіледі.

9-бап Өзгерістер енгізу

1. Тараптар жазбаша нысанда өзара келісу бойынша осы Келісімге кез келген уақытта өзгерістер енгізе алады.

2. Осы Келісімге кез келген өзгерістер осы Келісімнің 10-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

10-бап Қорытынды ережелер

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге күшінде қалуға тиіс.

2. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдердің орындалғаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

3. Тараптардың кез келгені қолданысын тоқтату болжанатын күнге дейін алты (6) ай бұрын өзінің ниеті туралы хабарлап, осы Келісімнің қолданысын кез келген уақытта тоқтата алады.

Осыны куәландыру үшін тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

2024 жылғы 18 қаңтарда Рим қ. әрқайсысы қазақ, итальян, орыс және ағылшын тілдерінде екі (2) төлнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтін тең түпнұсқалы болып табылады. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басымдыққа ие болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Италия Республикасының Үкіметі
үшін*